

# ARG

**ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДЫ ПЕШ**

Пайдалану бойынша нұсқаулық

**модель: MS-235MS**



Сізге Сіздің таңдауыңыз үшін алғыс айтамыз!

## ЭЛЕКТРМАГНИТТІК СӘУЛЕЛЕНУДІҢ ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Осы пешті есік ашық болғанда пайдалануға тырыспаңыз, себебі бұл электрмагниттік сәулеленудің қауіпті әсеріне алып келуі мүмкін. Сақтандырғыш құрылғыларды зақымдамау немесе оларға өзгерістер енгізбеу маңызды.
- Ешқандай заттарды пештің алдыңғы панелі және есік арасында орналастырмаңыз немесе тығыздағыш беттерде кірленудің немесе тазарту құралы қалдықтарының жинақталуына жол бермеңіз.
- ЕСКЕРТУ: Есік немесе есік тығыздағышы зақымдалған жағдайда, құзыретті адам ақаулықтарды жойған сәтке дейін пешті пайдалануға тыйым салынады.

### ТОЛЫҚТЫРУ

Егер пештің тиісті тазалығын сақтамасаңыз, оның беті өзінің қасиеттерін жоғалтуы және аспаптың қызмет ету мерзімінің қысқаруына әсер етуі мүмкін, сонымен қатар қауіпті жағдаяттың туындауына себепші болуы мүмкін.

Маманданым	
Модель:	MS-235MS
Номиналды кернеуі:	230 В~ 50 Гц
Номиналды кіріс қуаты (қысқа толқынды):	1250 Вт
Номиналды тұтынатын қуаты (қысқа толқынды):	800 Вт
Камера көлемі:	23 л
Айналатын тұғырнама диаметрі:	Ø 270 мм
Сыртауқымдық өлшемдері:	485 x 410 x 293 мм
Нетто массасы:	Шамамен 13 кг

## ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚТЫ САҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Тұтану, электр тогымен зақымдану, жаракат алу немесе пештің шамадан тыс электрмагниттік сәулеленуінің әсер етуі тәуекелін азайту үшін сіздің аспапты пайдаланған кезде негізгі сақтық шараларын, оның ішінде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- Ескерту:** Сұйықтықтарды және басқа өнімдерді қымталған контейнерлерде қыздыруға тыйым салынады, себебі олар жарылуы мүмкін.
- Ескерту:** Электрмагниттік сәулелену әсерінен қорғайтын қақпактың шешілуін қарастыратын, қызмет көрсету немесе жөндеу бойынша кез келген операцияны жүргізу кезінде, тиісті біліктілігі бар тұлғаларды қоспағанда, кез келген тұлға үшін тәуекел бар.
- Осы аспапты 8 жастан асқан балалар, сонымен қатар физикалық, сенсорлық немесе ақыл қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалар пайдалануы мүмкін, егер олар қарау астында болса немесе аспапты қауіпсіз әдіспен пайдалану бойынша нұсқаулықты алса және осымен байланысты тәуекелдерді түсінесе. Балаларға осы аспаппен ойнауға тыйым салынады. Балалар осы аспапты тазартуды және күтім жасауды жүргізуі мүмкін, егер олар 8 жасқа толса және ересектердің қарауы астында болса.
- Аспапты және оның баусымын 8 жасқа толмаған балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз.
- Қысқа толқынды пештерде пайдалану үшін арналған ыдысты ғана пайдаланыңыз.
- Пешті жүйелі тазартып, кез келген тамақ қалдықтарын алып тастау керек.
- Тиісті «ЭЛЕКТРМАГНИТТІК СӘУЛЕЛЕНУДІҢ ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ» оқып шығып, сақтаңыз.
- Пластик немесе қағаз контейнерлердегі тамақ өнімдерін жылытқан кезде пешті қадағалаңыз, себебі олар тұтануы мүмкін.
- Түтін пайда болған жағдайда аспапты сөндіріңіз немесе аспапты электр желісінен ажыратыңыз және кез келген тұтануды сөндіру үшін есікті жабық ұстаңыз.
- Егер тағамдар дайын болса, оларды әзірлеу уақытын асырмаңыз.
- Пештің ішкі кеңістігін қандай да бір заттарды сақтау үшін пайдаланбаңыз. Пештің ішінде ешқандай өнімдерді, атап айтсақ, нанды, піспенанды және т.б. сақтамаңыз.

12. Пешке орналастыру алдында қағаз немесе пластик контейнерлерден / қаптардан сым байланымдарды және металл тұтқаларды шешіңіз.
13. Осы пешті тек ұсынылған орнату бойынша нұсқаулықтарға сәйкес орнатыңыз немесе орналастырыңыз.
14. Қысқа толқынды пештерде қабықшадағы жұмыртқаларды және пісірілген жұмыртқаларды қыздыруға тыйым салынады, себебі олар жарылуы мүмкін, тіпті электрмагниттік сәулелену әсері тоқтатылғаннан кейін жарылуы мүмкін.
15. Осы аспап тұрмыстық және аналогты жағдайларда, мысалы, келесілерде пайдалану үшін арналған:
  - дүкендерде, кеңселерде және жұмыс орынжайларының басқа типтерінде қызметкерлерге арналған асүйлер;
  - қонақүйлерде, мотельдерде және тұруға арналған басқа мекемелерде клиенттермен;
  - қала сыртындағы үйлер;
  - «түнеме және таңғы ас» типті шағын қонақүйлер.
16. Егер осы аспаптың электрлік қоректену баусымы зақымдалған болса, қауіпті жағдаяттардың алдын алу үшін, өндірушіге, оның авторландырылған сервистік орталығына немесе тиісті жолмен өкілеттікті алған тұлғаға жүгініп, оны міндетті түрде ауыстыру керек.
17. Осы аспапты орынжайлардан тыс сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
18. Осы пешті судың жанында, дымқыл бетте немесе бассейнде пайдаланбаңыз.
19. Аспап жұмыс жасаған кезде оның кейбір қолжетімді беттері ыстық болуы мүмкін. Аспап жұмыс жасаған кезде оның кейбір беттері қызуы мүмкін. Баусымды қызатын беттерден алыс ұстаңыз, және пештегі ешқандай желдету саңылауларын жаппаңыз.
20. Электрлік қоректену баусымының үстелдің немесе тумбаның жиегінен салбырауына жол бермеңіз.
21. Пештің жеткіліксіз тазалығы беттің зақымдануына алып келуі мүмкін, бұл аспаптың қызмет ету мерзімін қысқартып, қауіпті жағдаятқа алып келуі мүмкін.
22. Күйікке шалынудың алдын алу үшін, тамақтандыруға арналған бөтелкелер және балалар тағамы бар құтылар құрамын араластырып, сілкі керек, ал температураны тұтыну алдында тексеру керек.
23. Қысқа толқынды пеште сусындарды қыздыру баяу қайнауы және шашырауды тудыруы мүмкін, сондықтан сусын бар ыдысты пайдаланған кезде абай болу керек.

24. Осы аспап физикалық, сенсорлық немесе ақыл қабілеттері шектеулі, немесе тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалармен (оның ішінде балалармен) пайдалану үшін арналмаған, олар тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаның қарауы астында болғанда немесе аспапты пайдалану бойынша нұсқаулықты алғанда осы аспапты пайдалануы тиіс.
25. Балалар қарау астында болуы тиіс, бұл олар аспаппен ойнамайтын жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.
26. Аспаптар сыртқы таймер немесе жеке қашықтан басқару жүйесі көмегімен жұмыс жасау үшін арналмаған.
27. Аспап жұмыс жасағанда оның қолжетімді бөліктері ыстық болуы мүмкін. Кіші жастағы балалар пештен қашық болуы тиіс.
28. Аспапты тазарту үшін бу тазартқышын пайдаланбаңыз.
29. Жұмыс кезінде аспап қызады. Пеш ішіндегі қыздырғыш элементтерге жанаспау үшін мұқият болу керек.
30. Тек осы пеш үшін ұсынылған температура бергішін пайдаланыңыз (температураны өлшеуге арналған сүңгішті қосуға арналған ағытпапен жабдықталған пештер үшін).
31. ЕСКЕРТУ: Жұмыс кезінде аспап және оның қолжетімді бөлшектері ыстық болады. Қыздырғыш элементтерге жанаспау үшін мұқият болу керек. Тұрақты қарау астында болу жағдайларын қоспағанда, 8 жасқа дейінгі балалар аспаптың жанында болмауы тиіс.
32. Қысқа толқынды пешті сәндік есік ашық болғанда пайдалану керек (сәндік есікпен жабдықталған пештер үшін).
33. Аспап артқы жағы қабырғаға қарап тұратындай орналасуы тиіс.
34. Қысқа толқынды пешті шкафта / тумбада орнатуға болмайды, егер оның шкафтың ішінде әрекет етуі бойынша алдын ала сынақтар жүргізілмесе.

**МУҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫП, КЕЙІН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.**

## Жаракаттарды алу тәуекелін азайту.

### Жерлендіруді орнату

#### ҚАУІП

Кейбір ішкі компоненттерге жанау кезінде электр тогымен зақымдану қауіп бар, бұл елеулі жаракаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін. Осы аспапты бөлшектемеңіз.

#### ЕСКЕРТУ

Электр тогымен зақымдану қауіп

Дұрыс орындалмаған жерлендіру электр тогымен зақымдануға алып келуі мүмкін. Аспап тиісті жолмен орнатылып, жерлендірілгенге дейін аспапты электр желісіне қоспаңыз.

Осы аспап жерлендірілуі тиіс. Қысқа тұйықталу туындаған жағдайда жерлендіру электр тоғын бұруға арналған қосалқы сымның болуы есебінен электр тогымен зақымдану тәуекелін төмендетеді.

Осы аспап жерлендіргіш сым және жерлендіргіш сүңгімелі айыртығыны бар электрлік қоректену баусымымен жабдықталған. Сүңгімелі айыртығын тиісті жолмен орнатылған және жерлендірілген розеткаға қосылуы тиіс.

Егер сізге жерлендіру бойынша нұсқаулықтар толығымен түсінікті болмаса немесе сіз жерлендірудің дұрыс орындалғанында күмәндансаңыз, кеңестеме алу үшін білікті электршіге немесе сервистік қызмет маманына жүгініңіз. Егер ұзартқышты пайдалану қажет болса, онда 3 тарамды ұзартқыш кабельді ғана пайдаланыңыз.

1. Ұзындау электрлік қоректену баусымына оралып қалу немесе шалыну тәуекелін азайту үшін аспап қысқа электрлік қоректену баусымымен жабдықталған.
2. Егер ұзын электрлік қоректену баусымы бар жинақ немесе ұзартқыш пайдаланылса, онда:
  - 1) Ұзын электрлік қоректену баусымының немесе ұзартқыштың аталған электрлік сипаттамалары кем дегенде аспаптың өзінің сипаттамаларынан төмен болмауы тиіс.
  - 2) Ұзартқыш жерлендірілген, 3 тарамды сым болуы тиіс.
  - 3) Ұзын электрлік қоректену баусымын ол балалар тартуы мүмкін немесе оны кездейсоқ іліп кетуге болатын тағанның немесе үстелдің бетінде орналаспайтындай өткізу керек.

## ТАЗАРТУ

Аспапты міндетті түрде электр желісінен ажыратыңыз.

1. Пешті пайдаланғаннан кейін оның ішкі беттерін дымқыл шүберек комегімен тазартыңыз.
2. Айлабұйымдарды қарапайым әдіспен сабынды суда жуып-шайыңыз.
3. Егер есік жақтауы, тығыздағыш және іргелес бөлшектер ластанса, оларды дымқыл шүберекпен мұқият тазарту керек.
4. Пеш есігінің шынысын тазарту үшін жемір абразивті тазартқыш құралдарды немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар бетте сызаттар қалдыруы мүмкін, немесе шыныдағы жарықшақтарға себепші болуы мүмкін.  
Тазарту бойынша кеңес – Әзірленген тағам жанауы мүмкін пештің ішкі қабырғаларын жеңілдеу жолмен тазарту үшін: Лимонның жартысын ыдысқа салыңыз, 300 мл (1/2 пинта) су қосып, қысқа толқынды пештің 100% қуатында 10 минут қыздырыңыз.  
Пешті таза жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

### Жаракат алу қауіп

Электрмагниттік сәулелену әсерінен қорғайтын қақпактың шешілуін қарастыратын, қызмет көрсету немесе жөндеу бойынша кез келген операцияны жүргізу кезінде, тиісті біліктілігі бар тұлғаларды қоспағанда, кез келген тұлға үшін тәуекел бар.

«Қысқа толқынды пеште пайдалану үшін рұқсат етілген немесе тыйым салынған материалдар» тақырыбы бойынша нұсқаулықтарды қараңыз. Қысқа толқынды пеште пайдалану қауіпті болатын метал емес ыдыстың кейбір түрлері бар. Егер сіз күмәндансаңыз, сіз осындай ыдысты төменде келтірілген процедураға сәйес тестілей аласыз.

Пешке арналған ыдыс сынақтары:

1. Пешке осы ыдыс жанында 1 стакан (250 мл) салқын сумен толтырылған, қысқа толқынды пеш үшін жарамды ыдысты қойыңыз.
2. Максималды қуатта 1 минут қыздырыңыз.
3. Абайлап ыдысқа жанауыңыз.
4. Егер бос ыдыс қызса, оны қысқа толқынды пеште пайдалануға болмайды.
5. Қыздыру ұзақтығы 1 минуттан аспауы тиіс.

## Сіз қысқа толқынды пеште пайдалана алатын материалдар


Ыдыс	Ескертпелер
Комбештеуге арналған науа	Өндіруші нұсқаулықтарын сақтаңыз. Комбештеуге арналған науа түбі айналатын тұғырнамадан 3/16 дюймға (5 мм) жоғары болуы тиіс. Дұрыс пайдаланбау айналатын тұғырнаманың зақымдануына алып келуі мүмкін.
Асханалық ыдыстар	Тек қысқа толқынды пеш үшін жарамды ыдыс. Өндіруші нұсқаулықтарын сақтаңыз. Жарықшақтары және кетіктері бар табақтарды пайдаланбаңыз.
Шыны құтылар	Әрқашан қаптық шешіңіз. Тек тағамды әлісіз қыздыру үшін пайдаланыңыз. Көптеген шыны құтылар ыстыққа төзімді болып табылмайды және жарылуы мүмкін.
Шыны ыдыстар	Тек қысқа толқынды пеш үшін жарамды, термотөзімді шыны ыдыс. Ыдыста металл әрлемелік жок екеніне көз жеткізіңіз. Жарықшақтары және кетіктері бар табақтарды пайдаланбаңыз.
Пеште ас әзірлеуге арналған қаптар	Өндіруші нұсқаулықтарын сақтаңыз. Металданған сым байланысмен жаппаңыз. Бу шығару үшін кесіктер жасаңыз.
Кағаз тәрелкелер және стақандар	Тек қысқа мерзімді әзірлеу / жылыту үшін пайдаланыңыз. Ас әзірлеу кезінде пешті қараусыз қалдырмаңыз.
Кағаз орамалдар	Қайта жылыту және майды сіңіру кезінде тағамды жабу үшін пайдаланыңыз. Тек қарау астында қысқа мерзімді әзірлеу үшін пайдаланыңыз.
Пергамент	Шашыраудың алдын алуға немесе булау үшін орауға арналған жабын ретінде пайдаланыңыз.
Пластик ыдыстар	Тек қысқа толқынды пеш үшін жарамды ыдыс. Өндіруші нұсқаулықтарын сақтаңыз. «Қысқа толқынды пеште пайдалану үшін арналған» таңбаламасы болуы тиіс. Кейбір пластик контейнерлер жұмсақ болады, себебі ішіндегі тағам ыстық болады. «Суда пісіруге арналған пакеттерде» және тығыз жабылған пластик пакеттерде қаптамалағы нұсқауларға сәйкес керткіктер, тілмелер немесе желдеткіш саңылаулар жасау керек.
Пластик қаптама	Тек қысқа толқынды пеш үшін жарамды қаптама. Ылғалды сақтау үшін, ас әзірлеу кезінде тағамды жабу үшін пайдаланыңыз. Пластик қаптама мен тағамның жанасуына жол берменіз.
Термометрлер	Тек қысқа толқынды пеште пайдалану үшін (етке арналған термометрлер және кондитерлік термометрлер).
Балауызды қағаз	Шашыраудың алдын алу және ылғалдық сақтау үшін, жабу үшін пайдаланыңыз.

## Қысқа толқынды пеште пайдалануға болмайтын материалдар

Ыдыс	Ескертпелер
Алюминий науа	Электрлік доғаның түзілуіне алып келуі мүмкін. Тағамды қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарамды табакқа салыңыз.
Металл ыдыстар немесе металл тұткалары бар ыдыстар	Электрлік доғаның түзілуіне алып келуі мүмкін. Тағамды қысқа толқынды пеште пайдалану үшін жарамды табакқа салыңыз.
Металл ыдыстар немесе металл әрлемесі бар ыдыстар	Металл тағамды қысқа толқынды энергиядан қорғайды. Металл әрлеме электрлік доғаның түзілуіне алып келуі мүмкін.
Металданған сым байланымдар	Электрлік доғаның түзілуіне алып келуі мүмкін және пеште тұтануға себепші болуы мүмкін.
Кағаз пакеттер	Пеште тұтануға себепші болуы мүмкін.
Пенопласт	Жоғары температура әсерімен пенопласт балқуы немесе ондағы сұйықтықты лақтауы мүмкін.
Ағаш	Қысқа толқынды пеште пайдаланған кезде ағаш кеуіп, бөлінуі немесе жарылуы мүмкін.

## СІЗДІҢ ПЕШТІ БАПТАУ

Пештің бөліктері мен айлабұйымдарының атаулары  
 Пешті және барлық материалдарды картон қораптан және пеш кемістігінен шығарыңыз.  
 Сіздің пеш келесі айлабұйымдармен бірге жеткізіледі:  
 Шыны табак 1  
 Аунақшалы сақина 1  
 Пайдалану бойынша жетекшілік 1



- A) Басқару панелі
- B) Мотор бөлігінің муфтасы
- C) Аунақшалы сақина
- D) Шыны табак
- E) Пеш терезесі
- F) Есік
- G) Есік ілмектері

## Айналатын тұғырнаманы орнату



- а. Ешқашан шыны табакты түбін жоғары қаратып орнатпаңыз. Шыны табакта ешқашан айналуға арналған кедергілер болмауы тиіс.
- б. Ас әзірлеу кезінде әрқашан шыны табак, сонымен қатар аунақшалы сақина пайдаланылуы тиіс.
- в. Ас әзірлеу үшін кез келген асты және тағам бар контейнерлерді әрқашан шыны табакқа орналастыру керек.
- г. Шыны тағамның немесе аунақшалы сақинаның жарықшақтары немесе зақымданулары туындаған кезде жақын авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

## Үстел бетінде орнату

Барлық қаптамалық материалды және аксессуарларды шешіңіз. Пеште қандай да бір зақымданулардың, атап айтсақ жанышымалардың немесе сынған есіктердің жоқ екенін тексеріңіз. Пеште зақымданулар бар болса, оны орнатпаңыз.

## Орнату

1. Енгізу және/немесе шығару саңылаулары арқылы ауаның айналуына арналған жеткілікті кеңістікті қамтамасыз ететін бірдей бетті таңдаңыз.



- (1) Орнату үшін қажетті минималды биіктік 85 см құрайды.
- (2) Аспап оның артқы беті қабырғаға қарап тұратынды орналастырылуы тиіс. Пештің үстінде кем дегенде 30 см кеңістік қалдырыңыз, ал пеш қабырғалары және іргелес қабырғалар арасында аралық кем дегенде 20 см құрауы тиіс.
- (3) Пештің түбінде орналасқан тірек табандарын алып тастамаңыз.
- (4) Ауа айналымына арналған енгізу және-немесе шығару саңылауларын блоктау пештің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Пештің ішкі кеңістігі. Қысқа толқынды пеш ішінде бар барлық қорғаныс қабықшасын шешіңіз.

Магнетронды қорғау үшін пеш кеңістігіне жабыстырылған, ашық-қоңыр түсті слюда тілімшесін ғана алмаңыз.

(5) Пешке арналған орынды радиоқабылдағыштардан және теледидарлардан қашық таңдаңыз. Қысқа толқынды пештің қызмет етуі радиосигналды және телевизиялық сигналды қабылдау үшін кедергілерді тудыруы мүмкін.

2. Өз пешіңізді стандартты тұрмыстық розеткаға қосыңыз. Сіздің электрлік желідегі токтың кернеуі мен жиілігінің сәйкестендіру тәжірибесінде көрсетілген кернеуге және жиілікке сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

## ЕСКЕРТУ:

Пешті плиталардың пісіру бетіне немесе жылулы болаттан басқа аспаптарға орнатпаңыз.

Егер пеш жылу көзінің жанында немесе үстінде орнатылса, пеш істен шығуы мүмкін, және кепілдіктің күші жойылуы мүмкін.

## ПАЙДАЛАНУ

### 1. Қуат деңгейі

11 қуат деңгейі қолжетімді.

Деңгей	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1	0
Қуат	100%	90%	80%	70%	60%	50%	40%	30%	20%	10%	0%
Дисплей	PL10	PL9	PL8	PL7	PL6	PL5	PL4	PL3	PL2	PL1	PL0

### 2. Сағатты бйорнату

- (1) « Часы » басыңыз, «00:00» пайда болады.
  - (2) Сандық пернелерді басыңыз және ағымдағы уақытты енгізіңіз. Мысалы, уақыт 12:10 - отінеміз, кезек-кезекпен «1,2,1,0» басыңыз.
  - (3) Сағатты баптауды аяқтау үшін « Часы » басыңыз. ":" жыпылықтайды және сағат жарықтандырылады.
  - (4) Егер енгізілген сандар 1:00-12:59 диапазонында болмаса, нақты сандар енгізілгенге дейін баптау жарамсыз болады.
- Ескерте: (1) Сағатты орнату процесінде, егер « Стоп/Отмена » батырмасы басылса немесе егер 1 минут ішінде пәрмен енгізілмесе, пеш автоматты түрде бұрынғы баптауларға оралады.
- (2) Егер сағатты арылту қажет болса, 1 бастан 3 дейінгі кадамдарды қайталаңыз.

### 3. Асүй таймері

- (1) « Кухонный/таймер » басыңыз, экранда 00:00 көрсетіледі, бірінші сағаттың саны жыпылықтай бастайды
  - (2) Сандық пернелерді басыңыз және таймер уақытын енгізіңіз (максималды ас әзірлеу уақыты 99 минут және 99 секунд)
  - (3) Баптауды растау үшін « Старт/+30СЕК » басыңыз.
  - (4) Таймер уақыты келген кезде, зуммер 5 рет дыбыстайды.
- Егер сағат орнатылса (12-сағаттық жүйе), экранда ағымдағы уақыт көрсетіледі.
- Ескерте: (1) Асүй уақыты 12-сағаттық жүйеден ерекшеленеді, Асүй таймері - бұл таймер.
- (2) Асүй таймері кезінде ешқандай бағдарламаны орнатуға болмайды.

### 4. Қысқатолқынды ас әзірлеу

- (1) « Время/готовки » батырмасын бір рет басыңыз, экранда «00:00» көрсетіледі.
  - (2) Басыңыз на цифровые клавиши, чтобы ввести ас әзірлеу уақыты; максимальное ас әзірлеу уақыты - 99 минут и 99 секунд.
  - (3) « Мощность » батырмасын бір рет басыңыз, экранда «PL10» көрсетіледі. Ұйғарым бойынша қуат 100% құрайды.
- Енді сіз қуат деңгейін реттеу үшін сандық пернелерді баса аласыз.
- (4) Ас әзірлеуді бастау үшін « Старт/+30СЕК » басыңыз.
- Мысал: 15 минут бойы 50% қысқа толқынды қуатты пайдалана отырып тамақ әзірлеу.
- a. « Время/готовки » батырмасын бір рет басыңыз. «00:00» көрсетіледі.
  - b. Рет-ретімен «1», «5», «0», «0» басыңыз.
  - c. « Мощность » батырмасын бір рет басыңыз, кейін 50% қысқа толқынды қуатты таңдау үшін «5» басыңыз.
  - d. Ас әзірлеуді бастау үшін « Старт/+30СЕК » басыңыз.

Ескертпе: 1) Баптау процесінде, егер «СТОП/Отмена» батырмасы басылса немесе егер 1 минут бойы пәрмен енгізілмесе, пеш автоматты түрде бұрынғы баптауларға оралады.

2) Егер «PL0» таңдалса, пеш желдеткінің жұмыс жасайды.

3) Қысқа толқынды пеште ас әзірлеу кезінде, қажетті мәнге дейін қуат деңгейін өзгерту үшін «Мощность» батырмасын басуға болады.

«Мощность» батырмасын басқаннан кейін, ағымдағы қуат 3 секунд бойы жыпылықтайды, осыдан кейін сіз қуат деңгейін өзгерту үшін сандық батырманы баса аласыз. Пеш барлық қалған уақыт таңдалған қуатпен жұмыс жасайды.

### 5. Жылдам ас әзірлеу

(1) Күту режимінде, 1 бастан 6 минутқа дейін ас әзірлеу уақытын таңдап, 1-6 сандық батырмаларын басып, 100% қуат деңгейінде лезде ас әзірлеу режимін іске қосуға болады. Кейін ас әзірлеу уақытын арттыру үшін «Старт/+30СЕК» басыңыз, максималды ас әзірлеу уақыты 99 минутты және 99 секундты құрайды.

(2) Күту режимінде, 30 секунд ас әзірлеу уақыты бар 100% қуат деңгейінде лезде ас әзірлеуді «Старт/+30СЕК» батырмасын басу арқылы іске қосуға болады. Бір батырмаға басқан сайын ас әзірлеу уақыты 30 секундқа артады, максималды ас әзірлеу уақыты 99 минутты және 99 секундты құрайды.

Ескертпе: Қысқа толқынды пеште ас әзірлеу және еріту кезінде, «Старт/+30СЕК» батырмасын басып, уақытты қосуға болады.

### 6. Салмақ бойынша еріту функциясы

(1) «Вес/разморозки» басыңыз, экранда «dEF1» көрсетіледі.

(2) Еріту үшін салмақты енгізу үшін сандық батырмаларды басыңыз. Салмақтың енгізілуі 100 бастан 2000 г дейін өзгеріп тұрады.

(3) Егер енгізілген салмақ 100 – 2000 г шегінде болмаса, енгізу жарамсыз болады.

(4) Ерітуді бастау үшін «Старт/+30СЕК» басыңыз, және дисплейде қалған ас әзірлеу уақыты көрсетіледі.

### 7. Уақыт бойынша еріту функциясы

(1) Басыңыз «Время /разморозки», экранда «dEF2» көрсетіледі.

(2) Еріту уақытын енгізу үшін сандық батырмаларды басыңыз. Тиімді уақыт диапазоны 00:01 бастан 99:99 дейін.

(3) Ұйғарым бойынша қысқа толқынды сәулелену қуаты – 3 қуат деңгейі. Егер сіз қуат деңгейін өзгертіңіз келсе, «Мощность» батырмасын бір рет басыңыз, және экранда «PL3» көрсетіледі, кейін қажетті қуат деңгейінің сандық батырмасын басыңыз.

(4) Ерітуді бастау үшін «Старт/+30СЕК» басыңыз. Дисплейде қалған ас әзірлеу уақыты көрсетіледі.

### 8. ПОПКОРН

(а) Дисплейде сізге қажетті сан көрсетілгенге дейін «Попкорн» батырмасын бірнеше рет басыңыз. «50», «100» (грамм) рет-ретімен көрсетіледі.

Мысалы, «Попкорн» батырмасын бір рет басқан кезде, дисплейде «50» пайда болады.


(б) Ас әзірлеуді бастау үшін, басыңыз «Старт/+30СЕК», зуммер 1 рет дыбыстайды. Ас әзірлеуді аяқтағаннан кейін, зуммер 5 рет дыбыстайды және күту режиміне оралады.

Қысқа толқынды пеште попкорнды әзірлеу функциясы гуралы манялды ақпарат:

1. 100 г попкорнды таңдау кезінде әзірлеу алдында пакеттің әр бұрышында үшбұрышты бүктеу ұсынылады. Оң жақтағы суретті қараңыз.



2. Попкорн бар пакет өлшемі бойынша артса/артқан кезде және енді дұрыс айналмаса/айналмаған кезде, өгнеміз, «Стоп/Отмена» батырмасын бір рет басыңыз, біркелкі әзірлеуді қамтамасыз ету үшін пеш есігін ашып, пакеттің жайғасымын реттеңіз.



### 9. КАРТОП

(а) Дисплейде сізге қажетті сан көрсетілгенге дейін «Картошка» батырмасын бірнеше рет басыңыз. «1», «2», «3» рет-ретімен көрсетіледі.

«1» бағдары: бір картоп (шамамен 230 грамм)

«2» бағдары: екі картоп (шамамен 460 грамм)

«3» бағдары: үш картоп (шамамен 690 грамм)

Мысалы, «Картошка» батырмасын бір рет басыңыз, дисплейде «1» пайда болады.

(б) Ас әзірлеуді бастау үшін, басыңыз «Старт/+30СЕК», зуммер 1 рет дыбыстайды. Ас әзірлеуді аяқтағаннан кейін, зуммер 5 рет дыбыстайды және күту режиміне оралады.

### 10. МҮЗДАТЫЛҒАН КӨКӨНІСТЕР

(а) Дисплейде сізге қажетті сан көрсетілгенге дейін «Замороженные овощи» батырмасын бірнеше рет басыңыз. «150», «350», «500» (грамм) рет-ретімен көрсетіледі.

Мысалы, «Замороженные овощи» батырмасын бір рет басқан кезде, дисплейде «150» пайда болады.

(б) Ас әзірлеуді бастау үшін, басыңыз «Старт/+30СЕК», зуммер 1 рет дыбыстайды.

Ас әзірлеуді аяқтағаннан кейін, зуммер 5 рет дыбыстайды және күту режиміне оралады.

### 11. СУСЫН

(а) Дисплейде сізге қажетті сан көрсетілгенге дейін «Напитки» батырмасын бірнеше рет басыңыз. «1», «2», «3» (кружки) рет-ретімен көрсетіледі. Бір саптыаяқ көлемі шамамен 120 мл құрайды. Мысалы, «Напитки» батырмасын бір рет басқан кезде, дисплейде «1» пайда болады.

(б) Ас әзірлеуді бастау үшін, басыңыз «**Старт/+30СЕК**», зуммер 1 рет дыбыстайды. Ас әзірлеуді аяқтағаннан кейін, зуммер 5 рет дыбыстайды және күту режиміне оралады.

## 12. ТҮСКІ АС ТӘРЕЛКЕСІ

(а) Дисплейде сізге қажетті сан көрсетілгенге дейін «**Обеденная/тарелка**» батырмасын бірнеше рет басыңыз. «250», «350», «500» (грамм) рет-ретімен көрсетіледі. Мысалы, «**Обеденная/тарелка**» батырмасын бір рет басқан кезде, дисплейде «250» пайда болады.

(б) Ас әзірлеуді бастау үшін, басыңыз «**Старт/+30СЕК**», зуммер 1 рет дыбыстайды. Ас әзірлеуді аяқтағаннан кейін, зуммер 5 рет дыбыстайды және күту режиміне оралады.

## 13. ПИЦЦА

(а) Дисплейде сізге қажетті сан көрсетілгенге дейін «**Пицца**» батырмасын бірнеше рет басыңыз. «100», «200», «400» (грамм) рет-ретімен көрсетіледі. Мысалы, «**Пицца**» батырмасын бір рет басқан кезде, дисплейде «100» пайда болады.

(б) Ас әзірлеуді бастау үшін, «**Старт/+30СЕК**» басыңыз, зуммер 1 рет дыбыстайды. Ас әзірлеуді аяқтағаннан кейін, зуммер 5 рет дыбыстайды және күту режиміне оралады.

## 14. ЖАДЫ ФУНКЦИЯСЫ

(1) 1-3 процедураны жадыда сақтауды таңдау үшін «**0/Память**» басыңыз. Дисплейде 1,2,3 көрсетіледі.

(2) Процедура орнатылғаннан кейін, оны пайдалану үшін, «**Старт/+30СЕК**» басыңыз. Егер олай болмаса, процедураны орнатуды жалғастырыңыз. Тек бір немесе екі кезеңді орнатуға болады.

(3) Баптауды аяқтағаннан кейін, процедураны сақтап, күту режиміне оралу үшін, «**Старт/+30СЕК**» батырмасын бір рет басыңыз. Егер қайта «**Старт/+30СЕК**» батырмасын бассаңыз, ас әзірлеу басталады.

Мысал: келесі процедураны екінші жады, яғни 2 жадысы ретінде орнату.

3 минут және 20 секунд бойы 80% қысқа толқынды қуатты пайдалана отырып тамақ әзірлеу.

Қадамдар келесі:

а. Күту жай-күйінде «**0/Память**» батырмасын екі рет басыңыз және дисплейде «2» көрсетілген кезде басуды тоқтатыңыз.

б. «**Время/готовки**» батырмасын бір рет басыңыз, кейін рет-ретімен «3», «2», «0» басыңыз.

с. «**Мощность**» батырмасын бір рет басыңыз, дисплейде «PL10» көрсетіледі, кейін басыңыз «8», және дисплейде «PL8» көрсетіледі.

д. Баптауды сақтау үшін «**Старт/+30СЕК**» басыңыз. Зуммер бір рет дыбыстайды, кейін күту режиміне оралады. Егер (с) қадамынан кейін «**Старт/+30СЕК**» батырмасын екі рет бассаңыз, процедура 2 жадысында сақталып, іске қосылады.

е. Егер электр қуаты сөндірілмесе, процедура әркез жадыда орналасады. Егер бұл орын алса, процедураны арылту керек.

ғ. Егер сіңц сақталған процедураны іске қосқыңыз келсе, күту режимінде «**0/Память**» батырмасын екі рет басыңыз, дисплейде «2» көрсетіледі, кейін іске қосу үшін «**Старт/+30СЕК**» басыңыз.

## 15. КӨПКЕЗЕҢДІК АС ӘЗІРЛЕУ

Ас әзірлеу үшін максимум 2 кезең орнатылуы мүмкін. Көпкезеңдік ас әзірлеу кезінде, егер кезеңдердің бірі еріту болса, онда еріту бірінші кезең ретінде автоматты түрде орнатылады.

**Ескерту.** Автоматты ас әзірлеу көпкезеңдік ас әзірлеу кезінде жұмыс жасамайды.

Мысал: егер сіз 5 минут бойы 80% қысқа толқынды қуатты пайдалана отырып тамақ әзірлегіңіз келсе, кейін - 10 минут бойы 60% қысқа толқынды қуатты пайдалана отырып тамақ әзірлегіңіз келсе, онда ас әзірлеу кезеңдері келесілер:

(1) «**Время/готовки**» батырмасын бір рет басыңыз, кейін ас әзірлеу уақытын орнату үшін «5», «0», «0» басыңыз;

(2) «**Мощность**» батырмасын бір рет басыңыз, кейін 80% қысқа толқынды қуатты таңдау үшін «8» басыңыз.

(3) «**Время/готовки**» батырмасын бір рет басыңыз, кейін ас әзірлеу уақытын орнату үшін «1», «0», «0», «0» басыңыз;

(4) «**Мощность**» батырмасын бір рет басыңыз, кейін 60% қысқа толқынды қуатты таңдау үшін «6» басыңыз.

(5) Ас әзірлеуді бастау үшін «**Старт/+30СЕК**» басыңыз.

## 16. СҰРАУ ФУНКЦИЯСЫ

(1) Ас әзірлеу режимінде «**Часы**» басыңыз, экранда үш секунд ішінде сағат пайда болады.

(2) Қысқа толқынды қуат деңгейін білу үшін қысқа толқынды пеште ас әзірлеу жай-күйінде «**Мощность**» батырмасын басыңыз, және ағымдағы қысқа толқынды қуат көрсетіледі. Үш секунд ішінде пеш алдығы жай-күйге оралады. Көпкезеңдік ас әзірлеу режимінде сұрау жоғарыда аталған әдіспен орындалуы мүмкін.

## 17. БАЛАЛАРДАН БҰҒАТТАУ ФУНКЦИЯСЫ

Бұғаттау: күту режимінде 3 секундқа «**СТОП/Отмена**» басыңыз, балалардан бұғаттау жай-күйіне ауысуды білдіретін ұзақ дыбыстық сигнал беріледі; сонымен қатар экранда "**⏸ : : ⏸**" көрсетіледі.

Бұғаттан шығару: бұғатталған жай күйде 3 секундқа «**СТОП/Отмена**» басыңыз, бұғаттаудың шешілгенін білдіретін ұзақ дыбыстық сигнал беріледі.

## 18. АС ӘЗІРЛЕУДІҢ АЯҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ ФУНКЦИЯСЫ

Ас әзірлеу аяқталған кезде, пайдаланушыны ас әзірлеу процесінің аяқталуы туралы ескерту үшін 5 дыбыстық сигнал беріледі.

## 19. БАСҚА ЕРЕКШЕЛІКТЕР

(1) Күту режимінде, егер сағаттың орнатылған сандық жолы ағымдағы уақытты көрсетсе, «:» таңбасы жыпылыстайды; өзге жағдайда «0:00» көрсетіледі.

(2) Функцияны баптау режимінде дисплейде сәйкес баптау көрсетіледі.

(3) Пайдалану режимінде немесе үзіліс режимінде экранда ас әзірлеу аяқталғанға дейін қалған уақыт көрсетіледі.

Ақаулықтарды жою

Қалыпты қыммет ету	
ТВ-сигнал қысқа толқындды пеш жұмысына тигізетін әсер	Қысқа толқындды пеш жұмыс жасағанда телевизиялық сигналды қабылдау үшін кедергілер жасалуы мүмкін. Бұл миксер, шаңсорғыш, электрлік фон сияқты шағын электрлік аспаптардың жұмысынан туындайтын кедергілерге ұқсас. Бұл – қалыпты құбылыс.
Пештің көмескі жарығы.	Кіші қуат режимінде ас әзірлеу кезінде пеш жарығы көмескіленуі мүмкін. Бұл – қалыпты құбылыс.
Есікте бу жинақталады, желдеткіш саңылаулардан ыстық ауа шығады.	Ас әзірлеу кезінде бу түзілуі мүмкін. Оның көп бөлігі желдеткіш саңылау арқылы шығады. Бірақ кейбір бөлігі салқын жерлерде, мысалы, пеш есігінде конденсатталуы мүмкін. Бұл – қалыпты құбылыс.
Пешті өнімдерсіз кездейсоқ қосу	Пештің өнімдерсіз жұмыс жасауына тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою әдісі
Пешті қосу мүмкін емес	1) Күштік кабель жеткілікті шамада тығыз енгізілмеген.	Сүңгімелі айыртығынды розеткадан шығару. Сосын 10 секундтан кейін оны қайтадан енгізу.
	2) Сактандырғыш жанып кетті немесе тізбек айырғышы іске қосылады.	Сактандырғышты ауыстыру немесе тізбек айырғышын қайта орнату (жөндеу сервистік орталықтың құзыретті мамандарымен жүзеге асырылады).
	3) Розеткаға байланысты мәселе	Розетканы басқа электрлік аспаппен тексеру.
Пеш қыздырмайды	4) Есік нашар жабылған.	Есікті тығыз жабу.



«Электртехникалық және электронды жабдықтарды кәдеге жарату» (WEEE) директивасына сәйкес, кәдеге жаратылатын электртехникалық және электронды жабдықтарды бөлек жинап, өңдеу керек. Егер болашақта сізге осы аспапты лақтыру қажет болса, осы аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге **ЛАҚТЫРМАҢЫЗ**. Өтінеміз, кәдеге жаратылатын электртехникалық және электронды жабдықтарды жинау бекеттері бар болса, осы аспапты осындай бекеттерге жіберіңіз.